

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№287**

**2018 жылғы 22 мамыр**

**Облыстық мәслихаттың кезекті  
жиыrmасыншы сессиясы жалпы  
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті жиыrmасыншы сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің есебі.

1) 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы және әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы облыс әкімдігінің баяндамасы.

*Баяндамашы: Г.Р. Сүйінтаева - қаржы  
басқармасының*

*басшысы*

2) 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясының баяндамасы туралы.

*Баяндамашы: С.Еңсегенұлы - Ақтөбе облысы бойынша  
тексеру комиссиясының  
төрағасы*

3) 2017 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысы.

*Хабарламашы: А.Тулегенова - бюджет, экономика, өнеркәсіп  
және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты  
комиссия төрағасының орынбасары*

2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы туралы.

*Хабарламашы: Қ.І.Сарсембай - ауыл шаруашылығы  
басқармасының басшысы*

3. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 08 желтоқсандағы №217 «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

4. «2020 жылға дейін Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 01 қарашадағы №158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және  
бюджеттік  
жоспарлау басқармасының басшысы*

5. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысын лауазымынан босатуды келісу туралы.

6. 2018-2025 жылдарға арналған Ақтөбе облысы үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері туралы.

*Хабарламашы: Н.Б.Аққұл – табиғи ресурстар және  
табиғатты пайдалануды реттеу  
басқармасының басшысы*

7. «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы» облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 22 ақпандағы №250 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

*Хабарламашы: Н.Т.Сыдықов – дене шынықтыру және спорт  
басқармасы басшысының міндетін атқарушы*

8. «Ақтөбе облысын басқару сызбасы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 18 маусымдағы №91 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: Н.С.Қалауов – облыс әкімі аппаратының  
басшысы*

9. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округінің Қазақстан ауылын тарату туралы.

10. «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі өңірлік Үйлестіру кеңесінің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы №395 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Облыс әкімдігі жанындағы оралмандар мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 07 желтоқсандағы №82 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

12. «Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі Өңірлік комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №102 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

13. №8 Пацаев сайлау округінен депутат Д.А.Довматенконың депутаттық сауалы туралы.

14. №21 Қарғалы сайлау округінен депутат Г.Қ.Ерғазинаның депутаттық сауалы туралы.

15. №20 Ырғыз сайлау округінен депутат Ж.С.Мұхамбетпайызованың депутаттық сауалы туралы.

16. №1 Жамбыл сайлау округінен депутат А.Ю.Нидің депутаттық сауалы туралы.

17. №6 Жанұзақов сайлау округінен депутат С.В.Вишняктың депутаттық сауалы туралы.

18. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**А. БОЛАТОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**